

# Республика күні құтты болсын!



# ЗАН

✉ zangazet@mail.ru

№82 (3711)  
25 қазан 2024



# газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ЖОЛ АШҚАН ТАРИХИ КҮН



25 қазан Республика күні – еліміздің мемлекеттік дамуындағы маңызды белестің бірі. Бұл күн Қазақстанның егемендік жолындағы жаңа қадамдарының бастауы болды.

(Соңы 2-бетте)

• АЕБІЗ

### ЕГЕМЕНДІК – ЕРТЕҢГІ ҰРПАҚҚА ҚАЛДЫРАТЫН ЕҢ ҮЛКЕН МҰРА



Құрметті оқырмандар, әріптестер!

Қазақстан тәуелсіздігінде Республиканың егемендігі туралы декларация ерекше маңызға ие. Декларация Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негізін бекітіп, еліміздің болашағына нық сеніммен қарауға мүмкіндік берді. Бұл құжаттың қабылдануы Қазақстанның халықаралық аренада танылуына және өз азаматтарының құқықтарын қорғауға бағытталған стратегиялық бағыттарды айқындауға негіз болды.

Тәуелсіздік – бұл біздің ұрпағымызға қалдыратын ең құнды мұрамыз! Егеменді мемлекеттіліктің негізінде бірнеше басты қағидат анықталды. Біріншіден, Қазақстанның біртұтас мемлекет ретінде қалыптасуы, екіншіден, ел аумағының тұтастығы, бөлінбейтіндігі мен қол сұғылмаушылығы. Бұл қағидаттар халықтың бірлігін, елдің тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған. Сондай-ақ халықтың мәдениеті, дәстүрі мен тілін жаңғырту және дамыту, ұлттық бірегейлікті нығайту мақсатында маңызды шаралар қабылданды. Бұл процесс елдің мәдени және әлеуметтік дамуына, халықтың рухани байлығының өсуіне оң әсерін тигізеді.

Тәуелсіздік алған жылдардан бері Қазақстан жаңа заманға лайықты мемлекет ретінде танылып, халықаралық аренада өзінің орны мен беделін орнықтырды. Егемендігімізді нығайту жолында әрбір қазақстандықтың бірлігі мен ынтымағы басты міндет болып табылады. Осы орайда, еліміздің тұрақты дамуына және заң үстемдігін қамтамасыз етуге судьялар қауымдастығының атқаратын рөлі зор.

(Соңы 2-бетте)

• МІНБЕР

## СОТ ЖҮЙЕСІН ЦИФРЛАНДЫРУ МАҢЫЗДЫ

Елордада тәуелсіздік сарайында судьялардың IX съезі өтті. Оған ҚР Президенті, республиканың барлық өңірлерінен келген делегаттар, орталық мемлекеттік және құқық қорғау органдарының басшылары, заң қоғамының, ҮЕҰ мен халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Президент Конституциялық сот құру, судьялардың кадрлық іріктеуін жақсарту, алқабилер институтына өзгерістер енгізу және әкімшілік әділет қызметін құру сияқты сот жүйесін реформалаудағы елдің жетістіктері туралы айтты. Сондай-ақ Мемлекет басшысы 2025 жылға қарай сот төрелігіне қолжетімділікті кеңейтетін және бизнесті жүргізу үшін жағдайларды жақсартатын үш кассациялық сот құру жоспарын атап өтті. Бұдан әрі Президент сот жүйесін цифрландырудың маңыздылығына назар аударды. Ол цифрлық технологиялар сот процестерін жеңілдететінін

және соттар қызметінің ашықтығын қамтамасыз ететінін жеткізді.

2024 жылдың 5 шілдесінде Мемлекет басшысы тәуелсіз кассациялық соттарды құруды көздейтін Конституциялық заңға қол қойды. Осы қабылданған заң кассациялық сот ісін жүргізу тәртібін жетілдіруге бағытталған. Қылмыстық-процестік кодекске (ҚПК), Азаматтық процестік кодекске (АПК), Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске (ӨРПК) және басқа да заңдарға түзетулер енгізіледі.

Занда азаматтық және қылмыстық істерді кассациялық сатыда алдын ала қарауды алып тастау ұсынылған. Енді азаматтар сот актілерін қайта қарау туралы арыз емес, кассациялық шағым түсіретін болады. Сот ісін жүргізудің барлық түріне кассациялық қадағалаудың бірыңғай ережелері енгізіледі. Енді әкімшілік істер бойынша сот актілері апелляциялық шағым жасалғаннан кейін заңды күшіне енеді. 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап тәуелсіз кассациялық соттардың құрылуына байланысты Жоғарғы Соттың рөлі өзгереді. Ол сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етуге бағдарланады. Сот төрелігін тек жергілікті және кассациялық соттар жүзеге асырады. Сондай-ақ талап қоюшының таңдауы бойынша эксаумақтық соттылықты әкімшілік істерге де қолдану ұсынылады, бұл соттарға деген сенімді арттырады.

Президент сот дербестігіне, судьяларға жа-

салатын сыртқы қысымдарды жоюға мән берді. Расында әділ шешім шығару, заң үстемдігін орнату міндеті жүктелген судьяларға сыртқы ықпал көп. Оның бірі – күштік құрылымдар. Тергеу жүргізген органдар істер бойынша 100 пайыз айыптау үкімінің шыққанын қалайды. Ақтау үкімінің шығуын олар үлкен кемшілік деп бағалайды. Бұл дұрыс түсінік емес. Мұның бәрі біздің күштік құрылымдардың әлі күнге социалистік кезеңдегі көрсеткіш қуу түсінігінен арыла алмай жатқанын көрсетеді. Осы мәселені реттеу үшін төрт жыл ішінде нақты іс-шаралар жасалды. Мәселен, бұрын судьяларға байланысты қылмыстық іс, қудалау жүрсе оны жергілікті аудандағы прокурорлар қарайтын. Қылмыстық процестік кодекске өзгеріс енгізі отырып осы түйткіліге заңдық тосқауыл қойылды. Осылайша қазір барлық деңгейдегі судьяларға байланысты келеңсіз жағдайларды тексеру жүргізу құзыреті тек Бас прокурорға берілді.

Сөз соңында Мемлекет басшысы судьялардың жаңа Әдеп кодексін қабылдауды қолдады. Бұл құжат соттардың тәртібінде жоғары стандарттарды бекітіп, сот жүйесіне қоғамның сенімін нығайта түседі.

(Соңы 3-бетте)

